

**ЕУРОПАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫ МЕН
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ АРАСЫНДАҒЫ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ**

ХАТТАМАСЫ

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – ҚР БҒМ) мен Еуропалық білім беру қоры,

бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық қоғамдастықтар мен олардың мүше мемлекеттері арасындағы 1995 жылғы 23 қаңтарда қол қойылған әріптестік және ынтымақтастық туралы келісімді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Еуропалық білім беру қоры арасында 2010 жылғы 27 қыркүйекте қол қойылған кәсіптік білім беру және оқыту саласындағы (бұдан әрі – КББО) Ниеттер мен ынтымақтастық туралы декларацияны басшылыққа ала отырып,

екі Тараптың кәсіптік білім беру және оқыту саласындағы ынтымақтастығының мүдделігін атап көрсете отырып,

төмендегілер туралы шешім қабылдады:

1-бап

1.1. Ынтымақтастық туралы осы хаттама (бұдан әрі – Хаттама) ЕББҚ және ҚР БҒМ арасындағы кәсіптік білім беру және оқыту саласындағы ынтымақтастық шеңберлерін белгілейді.

1.2. Хаттаманың мақсаты ынтымақтастықты жүзеге асыру үшін ЕББҚ және ҚР БҒМ арасындағы жұмыстық қарым-қатынастар шеңберлерін анықтау болып табылады.

1.3. Хаттама ЕББҚ және ҚР БҒМ арасындағы және үшінші тараптармен қарым-қатынастағы заңды құқықтар мен міндеттемелерді туғыза және қозғай алмайды.

1.4. Хаттама Тараптардың ниет туралы мәлімдемесі болып табылады.

2-бап

Осы ынтымақтастықтың жалпы мақсаттары:

а) Қазақстанның саясатына кәсіптік оқыту мен білім беруді реформалау бойынша қолдау көрсету мақсатымен Турин процесін іске асыру;

б) білім беру мен бизнес салаларының өзара іс-қимылын зерттеу болып табылады.

3-бап

Осы Хаттаманың 2-бабында көрсетілген басымды бағыттарды іске асыру мақсатында Тараптар мынадай шараларды жүзеге асырады:

а) өңірлік деңгейде КББО жүйесі мен бизнес құрылымдар арасындағы ынтымақтастық пен әлеуметтік әріптестікті дамытуға көмек көрсету;

б) жүйелі ақпарат алмасуды және Тараптардың КББО саласында ұйымдастыратын іс-шараларына қатысуды қамтамасыз ету;

с) КББО саласында ұлттық сарапшылардың біліктілігін арттыруға арналған тағылымдамалар ұйымдастыру (іссапарға жіберілген КББО ұлттық сарапшылары).

4-бап

4.1. Тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Тараптар жыл сайын 20 қаңтарға дейін жылына кемінде ұлттық және өңірлік деңгейдегі, ЕББҚ қаржыландыратын бір іс-шара енгізілген (конференция немесе семинар) бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдайды.

4.2. Тараптар осы Хаттама шеңберінде Турин процесі мәселелері бойынша тәжірибе алмасу мақсатында Халықаралық және ұлттық КББО сарапшыларын тартады.

4.3. Ұлттық сарапшыларды іріктеу ЕББҚ директорының «ЕББҚ-да ұлттық КББО сарапшыларының тағылымдамадан өту ережесін бекіту» DEC/09/ETF/001 шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

5-бап

5.1. Тараптар жыл сайын ағымдағы күнтізбелік жылдың 15 желтоқсанына дейін жыл сайынғы бірлескен іс-қимыл жоспарының орындалуына бірлесіп мониторинг жүргізеді.

5.2. Мониторинг нәтижелері Тараптар ынтымақтастығының тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында кезекті жыл сайынғы бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

6-бап

6.1. Осы Хаттама екі Тараптың соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

6.2. Осы Хаттама үш жыл бойы күшінде болады, осыдан кейін Тараптардың ұзартуына болады.

6.3. Кез келген Тарап кез келген уақытта осы Хаттаманың әрекетін осы жөнінде басқа Тарапқа бір ай бұрын жазбаша хабарлама жіберіп, тоқтата алады.

Қол қою

Осы хаттамаға _____ қаласында 2011 жылғы « ____ » _____ үш данада, әр қайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде қол қойылды.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

**Еуропалық білім беру қоры
атынан**




Мадлен Щербан, Директор

Novemb 2011 жылғы « 23 »

Torino қол қойылды

**Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
атынан**

**С. Ырсалиев
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым вице-министрі**

Астанада 2011 жылғы « 01 »

Казанда қол қойылды